



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2021 Маусым

2021 жылғы маусымда инфляция 1,1% құрады (мамырда – 0,7%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір айда 1,7%-ға (мамырда – 0,8%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,8%-ға (мамырда – 0,6%), ақылы қызметтер 0,7%-ға өсті (мамырда – 0,7%). Жылдық инфляция 7,9% құрады (мамырда – 7,2%).


Өңірлер бойынша айлық инфляцияның жеделдеуі 14 өңірде, баяулауы 2 өңірде байқалып, 1 өңірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Бағаның өсу қарқынының баяулауы мен өзгеріссіз қалуы өткен айдағы ең жоғарғы өсім (1,0%) орын алған өңірлерде тіркелді. Маңғыстау облысында бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды (1,0%), ал Жамбыл және Түркістан облыстарында сәйкесінше 0,8% және 0,9%-ға дейін баяулады. Маусым айында инфляцияның ең жоғары ұлғаюы Шығыс Қазақстан (1,5%), Атырау (1,5%) және Солтүстік Қазақстан (1,4%), облыстарында орын алды. Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау, Атырау және Ақтөбе облыстарында тіркелді (тиісінше, 8,9%, 8,8% және 8,6%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 маусым – 2021 маусым), %-бен

Қазақстан		7,1	7,9	8,7
Ақмола облысы				
Ақтөбе облысы				
Алматы облысы				
Атырау облысы				
Батыс Қазақстан облысы				
Жамбыл облысы				
Қарағанды облысы				
Қостанай облысы				
Қызылорда облысы				
Маңғыстау облысы				
Павлодар облысы				
Солтүстік Қазақстан облысы				
Түркістан облысы				
Шығыс Қазақстан облысы				
Нұр-Сұлтан қ.				
Алматы қ.				
Шымкент қ.				


Алматы қаласы мен Алматы облысы Қазақстан бойынша ТБИ өсуіне едәуір үлес қосуды жалғастыруда (тиісінше 1,2 п.т. және 0,9 п.т.), олардың ТБИ-де салмағы ең жоғары. Осы өңірлерде бағаның өсуі тиісінше 7,4% және 7,7% болды.

2-сурет. ТБИ-дегі өңірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өңірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары бір жылда 10,6%-ға (мамырда 9,3%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Нұр-сұлтан қаласында (8,6%), ең жоғары өсу – Қарағанды (12,3%), Атырау және Шығыс Қазақстан (11,8% дан) облыстарында байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 6,9%-ға (мамырда 6,7%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Нұр-Сұлтан қаласында (7,7%), ең төмен өсуі – Павлодар және Жамбыл облыстарында тіркелді (сәйкесінше, 5,9% және 6,2%).

Елімізде ақылы қызметтер 5,6%-ға (мамырда 5,1%-ға) қымбаттады, Ақтөбе облысында бағаның өсуі 8,8% құрады, Қарағанды облысында ақылы қызметтер бағасы айтарлықтай төмен қарқынмен өсті (4,5%).

4-сурет. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

**Азық-түлік тауарларына** бағаның өсуі ТБИ-не ең көп үлес қосуды жалғастыруда. Өткен айда осы топтың тауарларына бағаның өсуінің айлық инфляцияға қосқан үлесі 0,58 п.т. болды (мамырда – 0,31 п.т.), оның ішінде 0,36 п.т. (мамырда – 0,02 п.т.) жемістер мен көкөністерге бағасының өсуі (5-сурет). Олар өткен айда 7,7%-ға қымбаттады. Жұмыртқаның бағасы 13,9%-ға төмендеп, оның ТБИ-не қосқан кері үлесі мамырдағы (-)0,02 п.т.-тан маусымда (-)0,12 п.т. дейін ұлғайды.

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы 1,7%-ға өсті (мамырда – 0,8%). Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысында азық-түлік тауарларының бағасы 2,3%-ға, Алматы қаласы мен Ақтөбе облысында 2,0%-ға, ал Түркістан облысында 1,0%-ға өсті.

Шығыс Қазақстан облысында жемістер мен көкөністер бағасы басқа өңірлерге қарағанда жоғарырақ өсті (14,6%), әсіресе сәбіз (144,3%) бен картоп (111,5%), ал Қазақстан бойынша сәбіз 86,3%-ға, ал картоп 40,7%-ға қымбаттады. Сәбіз Ақмола, Павлодар, Атырау, Қызылорда және Ақтөбе облыстарында да 2 еседен артық қымбаттады. Картоп бағасы Павлодар, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында жалпы елдегі өсімнен жоғарырақ қарқынмен өсті. Қызылша елімізде 47,0%-ға қымбаттады, ал ең жоғарғы өсім Батыс Қазақстан облысында орын алды (113,4%).

**5-сурет. Бір айда азық-түлік бағасының инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)**



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** айлық инфляцияға қосқан үлесі 0,28 п.т. (мамырда - 0,18 п.т.). Елде бір айда бағаның өсуі 0,8% (мамырда – 0,6%) болды. Ең жоғарғы өсу Нұр-Сұлтан қаласында орын алды (1,3%), қалада жұғыш және тазалағыш құралдар мен жеке қолданатын тауарлар бағасының да ең жоғарғы өсуі (2,6% және 2,5%, сәйкесінше) тіркелді, жалпы елде бұл тауарлардың бағасы 0,6% жоғарылады. Өткен айда елде жанармай бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ (0,3%), ал кейбір өңірлерде оның бағасы азын-аулақ төмендеді.

**Ақылы қызметтер** бағасының инфляцияға қосқан үлесі маусым айында - 0,25 п.т. (мамырда - 0,22 п.т.), бір айдағы бағаның өсуі мамыр айындағыдай 0,7% болды. Ақылы қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы Солтүстік Қазақстан (2,1%) және Атырау (1,7%) облыстарында орын алды.

Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында электр энергиясы сәйкесінше 18,5% және 16,9%-ға едәуір қымбаттады, ол елдегі өсімнен (1,0%) әлдеқайда жоғары. Шығыс Қазақстанда тарату желілері бойынша тасымалданатын газ бағасы 17,0%-ға, Солтүстік Қазақстанда 9,9%-ға артты, қалған аймақтарда өзгеріссіз қалды, ал ел бойынша өсім 1,7% құрады. Басқа аймақтарда тарифтердің өзгермегеніне қарамастан, Нұр-Сұлтан қаласында суық су 6,5% қымбаттап, ыстық су 20% арзандады (жалпы ел бойынша ыстық су 2,7%-ға арзандады). Ақтөбе облысында да ыстық су 20% арзандағанымен, облыста жылдық ақылы қызметтер инфляциясы ең жоғары болып қалып отыр.